

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 2003 жылғы 4 наурыз N 222

Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының Қазақстан Республикасының Үкіметінен "Қазавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 69 420 000 (алпыс тоғыз миллион төрт жүз жиырма мың) теңге мөлшеріндегі соманы өндіріп алу және 2 082 600 (екі миллион сексен екі мың алты жүз) теңге сомасындағы мемлекеттік бажды қайтару туралы 2002 жылғы 22 қарашадағы шешімін, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен "Қазавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорны арасындағы 2002 жылғы 30 қарашада қол қойылған көрсетілген Сот шешімін орындау туралы келісімді және "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "Қазавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 69 420 000 (алпыс тоғыз миллион төрт жүз жиырма мың) теңге мөлшеріндегі негізгі борыш сомасын өтеу және 2 082 600 (екі миллион сексен екі мың алты жүз) теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды қайтару үшін 32 918 416 (отыз екі миллион тоғыз жүз он сегіз мың төрт жүз он алты) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі